




Жақсыгүл
Қалжанова



Ахмет Даудуран



Гүләйма
Әбдіқарімова



Ізгі тілекпен, Түркі халықтары мәдени қоры және «Түркі әлемі» газетінің ұжымы

Қаңтар айында дүние
есііні ашқан Түркі
халықтары мәдени қорының
президенті Ахмет бей
Даудуран және осы қордың
мүшелері

Жақсыгүл Қалжанова,
Куләйма Әбдіқарімованы
туған күндерімен
құттықтаймыз!

Сіздерге таза көңілімізден
шыққан ізгі ниеттерімізді
білдіре отырып, бақытты
да баянды ғұмыр, жемісті
де жеңісті күндер,
қажымас қажыр-қайрат,
талмас талап-жігер
тілейміз. Жүректеріңізге
Алланың нұры құйылып,
зор денсаулықпен жасай
беріңіздер!



ӨМІРДІҢ ӨЗІ ДЕ ҰСТАЗ

Өмірдің өзі де ұстаз. Бірақ осынау «ұстаз» сөзінің астарында мыңдаған білім мен ғылым, махаббат пен сүйіспеншілік жатқанын байқай бермейміз. Ұстаз болу кез келгеннің қолынан келе бермейді. Шәкірт тәрбиелеу, оны биікке жетелу, қанаттандыру, жаны мен тәнін, болмысы мен барын беру тек ұстаздың қолынан келетін қасиеттер.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп, мен өз сөзімді бастайын. Бүгінгі тақырып, бұл қоғамда болып жатқан соңғы өзгерістерге қатысты болып отыр. Бірақ қандай да болмасын өзгерістерде өзін биіктен көрсететін қара шаңырақ ҚазҰУ-ды айтпасқа болмас. Себебі, жаңғыру жолындағы елімізге жас маманның алар орны ерекше. Осы тұста Елбасымыз қазіргі таңда білімге өте көп көңіл бөліп отыр. Сол үшін де біздегі жас маман болашақтың кепілі десек артық айтқанымыз болмас. Жаңғыру жолындағы жас маманның алар орны қандай? – деген сұраққа жауапты төмендегіше берер едім. Ол маман қазіргі заманға сай ойлай алатын, өз мамандығының нағыз иесі, өз мамандығын сүйетін, жан-жағындағылардың барлығын құрметтейтін адам болуы шарт. Ол маман жастарға үлгі бола отырып, өмірде ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін көрсете алуы керек. Келешек жас ұрпақ осыған қарап, тәлім-тәрбие алып, болашақта ел тізгінін ұстай алатындай болып өсуі қажет. Сол үшін де жаңғыру жолындағы жас мамандардың рөлі өте жоғары.

Міне, мендегі көңілді жарған ойлардың басы осы. Енді, осыған дейін қандай кемшіліктер болды. Соған қатысты өз ойымды ортаға салсам. Әр адам өзінше тұлға болып қалыптасатыны секілді, әр адамның қоғамда болып жатқан өзгерістерге қатысты өз ойы бар. Білімге қатысты келер болсақ, осыған дейін білім саласында түрлі өзгерістер орын алуда. Балалардың қабілетіне қарай жоғарыдағы министрлік түрлі шешімдерді қабылдауда. Осыған орай қазіргі таңдағы білім ғасырға сай өз қаңқасын құрып келе жатыр деп айтуға әбден болады. Бірақ осы мақсаттарды жүзеге асыруға елбасы жас мамандарды қойып отыр. Себебі, жас мамандардың бұл тұрғыда алар орны ерекше. Бүгінгі жас маман, ертеңгі толыққанды өз саласының иесі болары анық. Сол үшін де бірнеше жобалар жастарға арналып ұйымдастырылуда. Оларға берілген талап, өз мамандығының нақты иесі бола білу. Қазіргі таңда дамимын, дамытамын деуші ұрпаққа мүмкіндік өте көп. Жасы үлкейген азаматтар сияқты емес, күш,қайраты тасып тұрған сәттерінде сол күшті білімге, ғылымға, жаңа дүниелерге салса, еліміз одан әрі жанданары сөзсіз.

Жалдыбаев Сүлеймен Талғатович., Қусаинов Арман Саинович

АЛҒЫСЫМ ШЕКСІЗ МЕНИҢ БІР ӨЗІҢЕ

Бүгін мен біраз өткенге көз жүгіртіп, көкейде жүрген біраз ойлармен бөліскім келіп отыр. Неге десеңіз, бұл тақырып жайында сөз қозғалса, көңілім көтеріліп, жадырап, қуанып қаларым жасырын емес. Бұл әрине, біздің қара шаңырақ ҚазҰУ жайлы болмақ. Бүгінгі таңда құрылғанына 15-қаңтарда 87 жыл болған ҚазҰУ жайлы біраз ойды ербіткім келіп отыр.

Біздің халықтың ұрпақ тәрбиелеуде сан ғасырлар бойы жинақталған өзіндік тарихи тағылымы, ой пікір қортындылары ұшан-теңіз. Олар бүкіл ұлттық болмысымызды жан-жақты бейнелейтін, басқа ұлттардан ерекшелігімізді даралап тұратын халқымыздың даналық тұжырымдары, әдеп әлемінің айнасы. Уақыт сүзгісінен сүрінбей өткен, сан ғасырлар бойы санамызға ұялаған жазылмаған заңдар жазылған заңдардан да өміршең екенін дәлелдейді. Бірақ тарих сахнасынан өткен кешегі Кеңес дәуірінде сол асыл мұра, алтын қазынамызды жабық күйінде қалдырып, санамыздан сызып тастауға күш салынғаны жасырын емес. Ендеше осы заманауи тұрғыдан терең талдап, саралап өлгенімізді тірілтіп, өшкенімізді қайта жаңғыртып, ұрпақ тәрбиесінде кәдеге жаратуға тиіспіз. Еліміздегі ең озық білім беретін қара шаңырақ әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті. Аталған университет бүгінгі күні білімді, дараланған ұрпақ тәрбиелеуде университеттердің алды. Өзім білім алған қара шаңырақ өскелең ұрпақ, нағыз маман даярлауда болашақ маман иелеріне барлық жағдайды қарастырып, жоғарғы деңгейде білім алуларына ықпал жасап отыр. Университетіміздің бой көтергеніне 85 жыл толған білім ошағы өз тарихында көптеген жетістіктерге жетті. Қала ішіндегі «Қазғуград» қалашығы деп аталып кеткен құтты мекенде студенттердің білім алуына барлық мүмкіндік жасалған. Ө.Жолдасбеков атындағы 1600 орындық студенттер сарайы, ТМД елдеріндегі жалғыз үлкен ауқымды «әл-Фараби» кітапханасы, спорт кешені мен стадион, жаңа ғимараттар, әскери кафедра, технопарк, 5000 студентке арналған студенттер үйі, медициналық орталық және студенттерге қызмет ету орталығы студенттер игілігі үшін қызмет жасап отыр. Университет көптеген шетелдік жоғарғы оқу орындарымен бірлесе жұмыс жасайды. Егер ұстаз өз пәнін жан-тәнімен жақсы көрмесе, оның негізгі білімді жеткілікті түрде білім алушыға беруі мүмкін емес. «Еліміздің ертеңі – бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздың қолында», – деп тұңғыш Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай әр ұстаз өзінің білімін үздіксіз көтеріп отыруы қажет. Университетіміздің физика-техникалық факультетінде, теориялық және ядролық физика кафедрасында өзіме білім берген аяулы ұстаздарым жас ұрпаққа әлі де тәлім-тәрбие беріп еңбек етуде. Атап айтар болсам Б.Т.Досаева, Е.М.Абишев, С.А.Жаугашева, Ф.Б.Белисарова, О.Иманбеков, Г.С.Нурбақова, К.Бошқаев, Ю.В.Юшков, В.Дьячков сынды асыл ұстаздарыммен мақтанамын. Әр ұстаздың өзінің бағыт-бағдары бар. Өмірден өткен қарт ұстаздарымызда артынан өшпестей білім қалдырды. Қарт ұстаздарымыздың көз майын таусып жазған асыл, құнды кітаптарымен бүгінгі жас ұрпақ өз білімдерін толықтыруда. Н.Б.Қадыров, Н.Қойшыбаев, М.Динейхан, Г.Мырзағалиев сынды ұстаздарымыздың еңбектері орасан зор. Қазіргі уақытта осындай алтын әріппен жазылған алтын ұстаздарымыздың берген білімінің, тәрбиесінің арқасында PhD докторанты атандым. Кейінгі жаңалықтарға арқа сүйенсем әлемнің ең үздік 210 университетінің қатарына енді. ҚазҰУ-ым ЖОО-лары арасында бірінші болып QR Stars «Төрт жұлдыз» үстемдік белгісін иеленді. Негізі мен білім алған Университетті Қара шаңырақ деп айтатынын көп адамдардан естимін. Ғ.Мұтанов мырза басқарып отырған менің университетімнің тұғыры берік, мәртебесі жоғары болсын деп тілеймін!!!

Дюсебаева Құралай